

Медициналық көмек көрсетумен байланысты инфекциялар (Босанғаннан кейінгі эндометрит)

Босанғаннан кейінгі эндометрит-жатырдың ішкі қабатының (эндометрия) инфекциялық қабынуымен сипатталатын босанғаннан кейінгі инфекцияның бір түрі. Босанғаннан кейін жатырдың ішінде айтарлықтай жара беті пайда болады, ота жасау арқылы босану кезінде жатырдың хирургиялық жарақаты қосымша пайда болады. Шартты-патогенді микрофлораның белсендірілуі және осы кезеңде зақымдалған эндометрия арқылы инфекцияның енуі жатырда қабыну процесінің пайда болуына әкеледі.

Босанғаннан кейінгі іріңді-қабыну патологиясының ішінде оның жиілігі 36-59% құрайды, ал табиғи босану жолдары арқылы босанғаннан кейін эндометриттің жиілігі жағдайлардың 1-3%-ын, жоспарлы операциялық босанудан кейін – 5-15%, шұғыл босанғаннан кейін-20%-дан астам құрайды. Аурудың шамамен 25%-ы инфекцияны жалпылау мүмкіндігімен ауыр формада болады. Қабыну

процесі әдетте метроэндометриттің және басқа да ауыр асқинулардың дамуымен жатырдың бұлшықет қабатына – миометрияға таралады.

Босанғаннан кейінгі эндометриттің себебі бактериялық инфекция 90% жағдайда факультативті-патогендік микроорганизмдерден, спора түзбейтін анаэробтардан, гарднерелладан туындайтын, көбінесе жатыр қуысына жыныс жолдарының төменгі бөліктерінен көтерілу жолымен енеді.

Босанғаннан кейінгі ауыр эндометрит босанғаннан кейін бірден 2-3 күн ішінде пайда болады. Әлсіздік, бас ауруы, қалтыраумен бірге жүретін дене қызуының фебрильді көтерілуі (39°C және одан жоғары), тахикардия, іштің төменгі бөлігіндегі және белдің ауырсынуы төн, лохия қатты көмескі, қанды-іріңді ихорозды иіске айналады.

Босанғаннан кейінгі эндометриттің алдын-алу - жүкті әйелдердің қынап микрофлорасын бақылау, босануды

және босанғаннан кейінгі кезеңді дұрыс жүргізу болып табылады.

-Босанғаннан кейінгі жыныс мүшелерінің жеке гигиенасын сақтау.

-іріңді-қабыну ауруларының қауіп факторларын анықтау, жыныс және экстрагенитальды инфекция ошақтарын санақиялау, босануды ұтымды жүргізу.--Босанғаннан кейін, үйде болған әйелдер эндометриттің белгілеріне назар аударуы керек, сондықтан инфекция басқа мүшелерге таралмайды, емшек сүті баланың ағзасына еніп, жамбас тромбофлебитін, септикалық шокты және тіпті босанған әйелдің өлімін тудыруы мүмкін.

-Егер босанған әйел медициналық көмекке уақтылы жүгінбесе, аурудың ең ауыр, қайтымсыз салдары жатыр мен қосымшаларды толығымен алып тастау болып табылады.

Ж.ОРАЛОВА,
Жетісай аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының бас маманы.

Қоршаған орта мен адам денсаулығы

Қоршаған ортаның жағдайы адам денсаулығына тікелей әсер ететіні бүгінгі таңда өзекті мәселе болып отыр. Әсіресе ауылдық аймақтарда экологиялық жағдайдың нашарлауы тұрғындардың түрлі ауруларға шалдығуына себеп болуда. Осыған байланысты Жетісай ауданы аумағындағы ауылдық елді мекенде қоршаған ортаның адам денсаулығына әсерін анықтау мақсатында жергілікті зерттеу жүргізілді.

Зерттеу барысында ауыл тұрғындары арасында сауалнама алынып, оған 60 адам қатысты. Нәтижесінде сауалнамаға қатысушылардың 45 пайызы тыныс алу жолдары ауруларымен жиі ауыратынын, 30 пайызы аллергиялық ауруларға шағымданатынын көрсеткен. Қалған тұрғындар экологиялық жағдайдың денсаулықтарына айтарлықтай әсер етпегенін айтқан.

Тұрғындардың пікірінше, ауыл маңындағы тұрмыстық қалдықтардың уақытында шығарылмауы, жол бойындағы шаң-тозаң және ауыз судың сапасы негізгі экологиялық мәселелердің бірі болып отыр. Әсіресе жаз мезгілінде шаңның көбеюі балалар мен егде жастағы адамдардың денсаулығына кері әсер етеді.

Мамандардың айтуынша, ауаның және судың ластануы адам ағзасына бірден байқалмаса да, ұзақ уақыт бойы түрлі аурулардың пайда болуына әкелуі мүмкін. Сондықтан қоршаған ортаны қорғау, тазалық сақтау және табиғатқа жанашырлықпен қарау – әрбір азаматтың ортақ міндеті.

Жүргізілген зерттеу қоршаған ортаның тазалығы халық денсаулығын сақтауда маңызды рөл атқаратынын көрсетті. Табиғатты қорғау – болашақ ұрпақтың амандығына жасалған қамқорлық.

Алма БАБАШЕВА,
№10 Қайнар-мектеп-гимназиясында
География пәнінің мұғалімі.
Гүлбаршын ҚОЖАБЕК,
9 «А» сынып оқушысы.

Жетісай ауданы тұрғындарының назарына!

Жетісай аудандық ветеринариялық қызметі мамандары ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру және жол қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша жұмыстарды заң талаптарына сәйкес жүргізуде.

Заңды негіздер:
Қазақстан Республикасының «Ветеринария туралы» Заңы (2002 жылғы 10 шілде № 339);

ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 30 қаңтардағы № 7-1/68 бұйрығымен бекітілген «Ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру қағидалары»;

Жол қозғалысы қауіпсіздігі туралы Заң және тиісті нормативтік актілер (жануарлардың жол бойында жүруіне қатысты талаптар).

Қазір жүргізіліп жатқан негізгі жұмыстар:

Жануарларды бірдейлендіру
Малға жеке нөмір беру (құлаққа сырға салу, болюс орнату, микрочиптеу немесе таңбалау)

Ветеринариялық паспорт беру
«Ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру» (АШЖБ) дерекқорына мәліметтерді енгізу және жаңарту.

Туған төлдерді туылғаннан кейін 14 жұмыс күні ішінде міндетті түрде бірдейлендіру (Қағидалардың 2-тармағы)

Мал иесінің өтініші бойынша деректерді жаңарту және түзету.

Жол бойында жайылатын малдарға шағылысатын рефлекторлы ленталар тағу

Түнгі уақытта және нашар көрінетін жағдайларда автокөлік фараларына шағылысып, малдың ерте байқалуын қамтамасыз ету

Жол-көлік оқиғаларының алдын алу мақсатында мал иелеріне ленталар тарату және тағу бойынша көмек көрсету

Бұл шара жол қауіпсіздігін арттыруға және адам өмірі мен мал басының сақталуына бағытталған

Тұрғындарға еске салу:
Мал иесі ретінде сіздердің заң алдындағы міндеттеріңіз бар:

Жануарларды уақтылы бірдейлендірмеу – әкімшілік жауапкершілікке (айыппұлға) әкеледі

Жол бойында жайылатын малға шағылысатын лента тақпау – жол апатына себеп болуы мүмкін, бұл үшін де жауапкершілік қарастырылған.

ТО ВБ «Ветеринариялық қызмет» ШЖҚ МКК Жетісай ауданы филиалы.

Хабарландыру

"Tazabolashaq" ЖШС келесі ШНШ, ҚББ, ӨЭБ бағдарламасы, қоршаған ортаны қорғау іс-шаралары жоспарлы жобалар бойынша полигондарға жасалған ашық отырыс түрінде қоғамдық тыңдаулар өткізілетінін хабарлайды.

Өткізу орны: Түркістан облысы, Жетісай ауданы, Мақталы а/о, Жетісай ауылы, Бәйтерек көшесі, №6 (Жетісай ауыл мәдениеті үйінде)

Өткізу күні мен уақыты: 2026 жылдың 14 сәуір сағат 15:30-де.

Өткізу орны: Түркістан облысы, Мақтаарал ауданы, Ильич а/о, Атакент ауылы, Көпжасаров көшесі, 30 (Атакент ауылы өкімдігінде)

Өткізу күні мен уақыты: 2026 жылдың 14 сәуір сағат 11:00-де.

Конференцияға онлайн қосылу:
<https://us04web.zoom.us/j/6165408596?pwd=a1o0a3ROUGROyM1xZDZibXJnTknRUT09>

Конференция идентификаторы: 616 540 8596

Кіру коды: 123456

Қоғамдық тыңдауға жіберілген құжаттар мен келесі порталда танысуға болады esoportal.kz, сондай-ақ Жергілікті атқарушы орган «Түркістан облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы» ММ сайтының «қоғамдық тыңдау» бөлімінің сайтында <https://www.gov.kz/memleke/entities/turkestan-tabigi-resurstar?lang=kk> танысуға болады. Мекен-жайы: Түркістан қаласы, Жаңа қала ш.а., 160 квартал, 32 көше e-mail: a.erkebai@ontustik.gov.kz.

Бастамашы: "Tazabolashaq" ЖШС, мекен-жайы: Мақтаарал ауданы, Жаңақол а/о, Ақжол ауылы, Алматы көшесі, 22БСН 200140029805, тел. +7778-706-51-51

Орындаушы: «Tabigat8» ЖК, Шымкент қ., 189 кв, 33 үй, тел. +77711515038, Email: zhadra_140992@inbox.ru

"Tazabolashaq" ЖШС барлық тілек білдірушілерді қоғамдық тыңдауларға қатысуға шақырады. Барлық мүдделі тұлғалар өздерінің ескертүүлери мен ұсыныстарын келесі электрондық пошта мекен-жайы бойынша енгізе алады: a.erkebai@ontustik.gov.kz, zhadra_140992@inbox.ru

Қоғамдық тыңдауларға шығарылатын қағаз жүзіндегі материалдар мен Мақтаарал ауданы, Жаңақол а/о, Ақжол ауылы, Алматы көшесі, 22 мекен-жайы бойынша танысуға болады, Барлық сұрақтар бойынша мына телефонға: +7778-706-51-51 хабарласуға болады.

Жетісай аудан полигонының географиялық координатасы:

Ендік: 40°52'52.19"С

Белдік: 68°11'56.02"В

Мақтаарал аудан полигонының географиялық координатасы:

Ендік: 40°52'29.20"С

Белдік: 68°26'39.92"В

Объявление

ТОО "Tazabolashaq" объявляет о проведении общественных слушаний в форме открытого собрания по проектам НДВ, ПУО, программа ПЭК, план мероприятий по охране окружающей среды для полигонов.

Место проведения: Туркестанская область, Жетысайский район, с/о Мақталы, село Жетысу, улица Байтерек, №6. (в здания дом культуры село Жетысу)

Дата и время проведения: 14 апреля 2026 года в 15:30.

Место проведения: Туркестанская область, Мактааральский район, Ильичевская п.а., п. Атакент, ул.Копжасарова, 30. (в здания акимата)

Дата и время проведения: 14 апреля 2026 года в 11:00.

Подключиться к конференции <https://us04web.zoom.us/j/6165408596?pwd=a1o0a3ROUGROyM1xZDZibXJnTknRUT09>

Идентификатор конференции: 616 540 8596

Код доступа: 123456

С материалами, выносимыми на общественные слушания, можно ознакомиться на Едином экологическом портале esoportal.kz, а также на сайте <https://www.gov.kz/memleket/entities/turkestan-tabigi-resurstar?lang=kk> Местного Исполнительного Органа ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования

Туркестанской области», адрес: г. Туркестан, мкр. Новый город, квартал. 160, ул. 32. e-mail: a.erkebai@ontustik.gov.kz в разделе «Общественные слушания».

Инициатор: ТОО "Tazabolashaq" адрес: Мактааральский район, Жанажолский с/о, с. Ақжол, ул. Алматы, 22 БИН 200140029805, тел. +7778-706-51-51

Исполнитель проекта: ИП «Tabigat8», г. Шымкент, 189 квартал, дом 33 тел. +77711515038. Email: zhadra_140992@inbox.ru

ТОО "Tazabolashaq" приглашает всех желающих принять участие в общественных слушаниях. Все заинтересованные лица могут внести свои замечания и предложения, отправив их на электронную почту: zhadra_140992@inbox.ru, a.erkebai@ontustik.gov.kz.

С материалами проекта в бумажном виде можно ознакомиться по адресу: Мактааральский район, Жанажолский с/о, с. Ақжол, ул. Алматы, 22 По всем вопросам обращаться по телефонам: +7778-706-51-51

Географические координаты полигона по Жетысайскому району: Широта: 40°52'52.19"С Долгота: 68°11'56.02"В

Географические координаты полигона по Мактааральскому району: Широта: 40°52'29.20"С Долгота: 68°26'39.92"В

Хабарландыру

2025 жылы 08 қыркүйекте қайтыс болған Абилов Нурғали Серикбаевичтің мүлкіне мұра ашылуына байланысты мұрагерлерін Жетісай қаласында орналасқан нотариус Исабаева Нуржамал Дилдахановнаға хабарласуын сұраймыз.

2025 жылы 23 шілдеде қайтыс болған Балаубеков Бейсенбай Ирзаевичтің мүлкіне мұра ашылуына байланысты мұрагерлерін Жетісай қаласында орналасқан нотариус Еримбетов Бақытжанға хабарласуын сұраймыз.

2001 жылы 20 қаңтарда қайтыс болған Сапаров Нурланың мүлкіне мұра ашылуына байланысты мұрагерлерін Жетісай қаласында орналасқан нотариус Еримбетов Бақытжанға хабарласуын сұраймыз.

2026 жылы 09 қаңтарда қайтыс болған Борибеков Мырзабек Агабековичтің мүлкіне мұра ашылуына байланысты мұрагерлерін Асықата кентінде орналасқан нотариус Хафез Джанабековке хабарласуын сұраймыз.

«18» қараша 2025 жылы қайтыс болған Амантурдиева Динара Кадирбекқызының мүлкіне мұралық істің ашылуына байланысты, мұрагерлерін Жетісай қаласы Абай көшесі №71/4 ғимаратында орналасқан кеңсеге нотариус Куатова Салтанат Батырхановнаға хабарласуын сұраймыз.

2022 жылы 27 тамызда қайтыс болған Даулетбаева Улжан Алпысбаевнаның мүлкіне мұра ашылуына байланысты мұрагерлерін Асықата кентінде орналасқан нотариус Хафез Джанабековке хабарласуын сұраймыз.